



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№189
(20463)



13 желтоқсан, сейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz | www.instagram.com/syrboyi_kz | https://twitter.com/syrboyi | t.me/syrboyi_kz

3 Қыс қаһары қайтады



4 "Елшінің жазбасынан"



5 Бауыр деген бір асыл



6 Тұрмағанбет пен Сәнбаланың қағытпасы



ПРЕЗИДЕНТ



11 айдың қорытындысы баяндалды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына Маңғыстау облысының биылғы 11 айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы туралы баяндалды. Сонымен қатар облыстағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, инвестиция тарту, мал азығын әзірлеу және тағы басқа мәселелер жөнінде мәлімет берілді.

Нұрлан Ноғаев Президенттің Маңғыстау облысына жұмыс сапары кезінде берген тапсырмалары облысты дамытудың кешенді жоспарына енгізілгенін жеткізді. Мемлекет басшысы жылды жоспарға сәйкес қорытындылауды тапсырды.

ЕЛШІНІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Грузиядағы жаңадан тағайындалған елшісі Мәлік Мырзалінді қабылдады.

Әңгімелесу барысында Президент Грузиямен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың маңыздылығын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мәлік Мырзалінге екі ел арасындағы сауда-экономикалық, көлік-логистикалық қатынастарды жандандыру жөнінде бірқатар нақты міндет жүктеді.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев аралас санатта үстел теннисінен Әлем чемпионы атанған халықаралық дәрежедегі спорт шебері Алан Құрманғалиевті құттықтады.

— Қазақстанда үстел теннисінің жанкүйерлері өзіңді мақтан тұтады. Осы жетістіктеріңмен шектелмей, беделді әлемдік турнирлерде ең жоғары жүлделерге ие болу үшін спорттағы шеберліңді шынайы түсуіңе тілектеспін. Бұл міндет сенің қолыңнан келеді! Талмай еңбек ет, күрес және жеңістерге жете бер! — деп жазылған Мемлекет басшысының жеделхатында.

ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ



«АЗАМАТТАРЫМЫЗ НАҚТЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БҮГІН ЖӘНЕ ҚАЗІР БОЛАДЫ ДЕП ҮМІТТЕНІП ОТЫР»

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Президент өз сөзінде еліміздің биылғы әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері талқыланып, алда тұрған басты міндеттер айқындалатынын атап өтті.

— Қордаланған мәселелер аз емес. 11 айда экономиканың өсімі 4,6 пайыздан 2,7 пайызға дейін төмендеді. Инфляция соңғы 14 жылда болмаған деңгейге жетті. Қазір бұл көрсеткіш — 19,6 пайыз. Мұндай ахуал жұрттың табысына және әл-ауқатына кері әсерін тигізіп отыр. Жуырда өткен Президент сайлауы — бұл халықтың бізге артқан зор сенімі және қолдауы. Азаматтарымыз нақты оң өзгерістер бүгін және қазір болады деп үміттеніп отыр. Осы үміт пен сенімді ақтау — алдымызда тұрған ең басты міндет әрі кәсіпкерлер парыз, — деді Мемлекет басшысы.

Президент өзінің сайлауалды бағдарламасында еліміздің жаңа даму бағдары айқындалғанын, азаматтардың табысын арттырып, өмір сапасын жақсартуға баса назар аударылатынын атап өтіп, ерекше мән беруді қажет ететін бірқатар мәселеге тоқталды.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселесін көтерді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ауыл мен қаланың ауқымында шешіле беретін тұрмыстық мәселелерді Үкіметтің деңгейінде қарауға мәжбүр болып отырмыз. Өйткені осы саладағы төтенше оқиғалар тым көп болып кетті.

Петропавл, Теміртау, Степногорск, Балқаш, Қарағанды, Ақтөбе және Риддер қалаларында болған апаттардың ешқайсысынан әкімдер мен министрлер, әсіресе, меншік иелері тиісті қорытынды жасаған жоқ.

— Жақында Екібастұзда болған төтенше жағдай бұл саладағы ахуалдың қаншалықты күрделі екенін айқын көрсетті. Қызметкерлердің жауапсыздығы, бақылау жүйесінің қауқарсыздығы мыңдаған адамды жылусыз қалдырды. Жауапты қызметкерлер қысты қалыпты режимде, аман-есен өткіземіз деп есеп берген. Бірақ іс жүзінде жағдайдың қалай болып жатқанын көріп отырсыздар. Павлодар облысының әкімі өз өтіншімен қызметінен босатылды. Ал құзырлы мемлекеттік орган — Энергетика министрінің ешқандай әрекетін көрген қолпыз, бұл мекеме апатқа селқос қарап, бейтараптық

танытты. Сондай-ақ төтенше жағдай қызметтерінің жұмысы дұрыс жолға қойылмаған. Олар баяу қимылдап, салғырттық танытты, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент тозу деңгейі 90 пайыздан асқан Екібастұз ЖЭС-ін мемлекетке 1 тенгеге сату туралы ұсыныс сараптауды қажет ететінін айтты. Оның пікірінше, нысанға тәуелсіз аудит жүргізу керек. Әбден тозған орталықты мемлекеттің тиімді басқара алу мәселесін зерттеу керек. Кәсіпорынның 50 пайызын алып, меншік иесіне жылу-электр орталығын күрделі жөндеуден өткізуді тапсырған жөн.

— Екібастұз тұрғындарына келтірілген зардапты өтеу шығындары меншік иесі мен республикалық бюджет арасында бөлінуі керек. Үкіметтің алдында соңғы жылдары меншік иелері ештеңе істемеген аса маңызды инфрақұрылым нысандарының әрқайсысын кешенді түрде тексеріп, шешім қабылдау міндеті тұр, — деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздегі ЖЭС-тердің орташа тозу деңгейі 66 пайызға, ал кейбір қалаларда шекті межеден асып, 80 пайызға жеткеніне тоқталды. Жылу-электр стансаларының үштен бірінің пайдалануға берілгеніне жарты ғасырдан асқан. Ал Шығыс Қазақстан облысының Риддер мен Шемонаиха қалаларындағы жылумен қамту желілері мүлдем тозған.

2-бет

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ОЛ ҚАНДАЙ МЕКТЕП?

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы туралы алдымен Мемлекет басшысының Жолдауында айтылды. «...Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек. Жемқорлар сотталғанда, олардың заңсыз тапқан қаржысы мемлекетке өтіп, түгелдей мектеп құрылысына жұмсалса тиіс. Үкімет осы бастаманы заң тұрғысынан рәсімдеу туралы шешім қабылдауы керек» делінген Жолдауда.

Сб Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»



3-бет

БАСПАСӨЗ – 2023

Құрметті оқырман

2023 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға — 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға — 4500 теңге.



ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСТЕН НЕ КҮТЕМІЗ?

Кез келген мемлекеттің әлеуметтік саясатының жемісі сол елдегі тұрғындардың әл-ауқатымен, тұрмыс жағдайымен бағаланатыны анық. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Халықты сапалы өмірмен қамту мен әл-ауқатын жақсарту — мемлекеттің басты міндеті. Бұл сөздерді шынайы іске айналдыру қажет. Халықтың табысы экономикамен қатар өсуі керек. Бұл өзгермейтін аксиома біздің жағдайымызда жұмыс істемей тұр» деген еді. Сондықтан да Жолдауда заң да, қоғам да, адамдардың сана-сезімі де өзгеруге тиіс екенін пайымдай келіп, елімізде Әлеуметтік кодексті әзірленіп жатқанын айтқан болатын.

Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

КӨПШІЛІККЕ НЕ ҚАЖЕТ?

Аталған кодексті әзірлеу туралы бастаманы Президент 2020 жылы көтеріп, бұған жауапты органдарға тиісті тапсырма жүктеген-ді. Жуырда осы кодекстің жобасын ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрі Тамара Дүйсенова Парламент Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында депутаттарға таныстырды. Жобада қандай мәселелерге басымдық берілген? Оның қарапайым жұртшылық үшін қандай тиімді тұстары бар? Министр берген ақпараттарға сүйеніп, талдап-таразылап көрелік.

3-бет



